

Әйтеке би ауданы бойынша 2010 жылға біржолғы талон құнын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 2010 жылғы 16 сәуірдегі № 188 шешімі. Ақтөбе облысының Әйтеке би аудандық Әділет басқармасында 2010 жылғы 29 сәуірде № 3-2-93 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 2011 жылғы 2 ақпандағы № 227 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 2011.02.02 № 227 Шешімімен.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 100 «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы Заңының 36-бабының 1, 6 –тармақтарына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ Е Т Е Д І :**

1. Әйтеке би ауданы бойынша арнаулы салық режиміндегі кәсіпкерлік қызметін жүзеге асырушылар үшін бір жолғы талон құнының мөлшері № 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Аудандық мәслихаттың «Әйтеке би ауданы бойынша біржолғы талон құнын белгілеу туралы» 2009 жылғы 29 қаңтардағы № 97 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-2-69 рет санымен тіркелген, 2009 жылы 5 наурызда аудандық «Жаңалық жаршысы» газетінің № 11-12 санында жарияланған шешімнің күші жойылсын деп танылсын.

3. Осы шешім ресми басылымда жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың Аудандық мәслихаттың
сессия төрағасы хатшысы
С.САҒЫНТАЕВ **А.ЕРМАҒАМБЕТ**

Аудандық мәслихаттың 2010 жылғы
16 сәуірдегі № 188 шешіміне № 1 қосымша

Бір жолғы талон құнының аудан көлеміндегі бір күндік мөлшері

Бір күндік төлем сомасы бекітілген есеп-айырысу көрсеткішінің пайыздық мөлшері көлемінде белгіленді. 2010 жыл үшін 1413 теңге.

--	--	--

№	Кәсіп түрлері	Бір күндік төлем сомасы теңгесі
А	Базар аумағындағы дүңгершектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлермен заңды тұлғалар	
1.	Комсомол, Қарабұтақ селосында Авто-көліктен сату а) жүк көтерімділігі 5 тн жоғары б) жүк көтерімділігі 5 тн дейін Сөреден сату Қолдан сату	1400 700 150 80
2.	Елді – мекендерде: Авто-көліктен сату Сөреден және қолдан сату	360 80
Б	Дүркін-дүркін сипаттағы қызмет түрлері	
1.	Газеттер мен журналдар, сондай – ақ отырғызылатын материал (екпелер,көшет) бақша дақылдарын, саяжайларда және үй маңындағы учаскелерде өсірілген табиғи гүлдерді, қосалқы ауыл шаруашылығы, бағбандағы, жануарлармен құстардың жемдерін, сыпыртқылар, орман жидегін, бал, саңырауқұлақ, балық сату (стационарлық үй- жайда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда)	150
2.	Жер учаскелерін өндіру жөніндегі жеке трактор иелерінің көрсететін қызметтері	1400
3.	Үй жануарларымен құстарын бағуды жүзеге асыратын жеке тұлғалар	80